

"Новый орта мектеп- лицейі" КММ

Қамқоршылық кенесі отырысының  
ХАТТАМАСЫ № 3

Мерзімі: 28. 05.2021 ж

Қатысқаны: 19

Қатыспағаны : 0

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2020-2021 оку жылында оқу-білім саласында жүргізілген жұмыстарды қорытындылау.
2. 2021-2022 оку жылында атқарылатын жұмыс жоспарын құру

**Тыңдалды:**

**Қамқоршылық кенесінің төрагасы Т. Табылганов:**

Сіздерге 7 күн бұрын хабарлама жіберіп жиналыс жасап отырмыз. Сіздерге белгіленген жоспар бойынша өткізілетін отырыс туралы алдын ала 7 күн бұрын жиналыс болатындығын айтып хабарлама жіберіп отырамыз, егерде жиналысқа қатыса алмайтында жағдай болатын болса 5 күн бұрын хабарлама жіберініздер. Қамқоршылық кенестің мақсаттары: жарғыны жүзеге асыруға, материалдық - техникалық базасын қүшетуге жәрдемдесу, балалардың құқықтарының сакталуына, шотка келіп түскен қайрымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылау жүргізу болып табылатындығын барлығымыз білеміз. Новый орта мектеп-лицейінің қамқоршылық кенес құрамы жыл басында бекітіліп, кенес мүшелері жыл бойы мектеппен үнемі байланыста болдыныздар.

**Шығып сойлеушілер:**

**A. Кисикова (Новый орта мектеп- лицейінің директоры):**

Биылғы оку жылын қорытындылайтын болсақ, еліміздегі жағдайға байланысты көптеген іс-шаралар үйімдастырылды. Өздерініз де мектебімізге келіп, мектептің оку процесімен, санитарлық жағдайы және коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында өткізілген іс-шаралармен, жасалынып жатырған жұмыспен таныс болдыныздар. Мектебімізде аталған іс-шараларға барлығы немісіз қарамады. Барлығымыз бірлесе жұмыс жасап, оку жылымызды ойдағыдай аяктадық.

Сонымен қатар Новый орта мектеп-лицейінде дарынды балалармен жұмыс «Инновациялық, ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың жеке, шығармашылық және гылыми -зерттеушілік қабілеттерін зерделеу, тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасау» мәселесі аясында атқарылып келеді.

Новый орта мектеп-лицейінде дарынды балалармен жұмыс төмендегідей жүйеде құрылған:

- «Олимпиада резерв» мектебі жұмысы
- «Талапкер» оқушылардың гылыми қоғамы жұмысы
- «Білім шыны» гылыми орталығы
- «Дат» дебат командасы
- Пәндік үйірмелер жұмысы

«Олимпиада резерв» мектебіне ғылым негіздері бойынша пәндерден 9-11 кластар бойынша топтастырылған. Осы окушылармен пән бірлестіктерінде арнайы кесте жасалып пән мұғалімдері дайындық сабактарын жүргізді.

Жыл сайын өткізілетін 9-11 класс окушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша респубикалық олимпиаданың қалалық және облыстық кезеңінен окушыларымыз жүлделі орындар алғып, Новыи орта мектеп-лицейі Ақтөбе қаласының білім бөлімінің «Шет тілдерін білудегі жетістіктер», Ақтөбе облысының білім басқармасының «Үздік жалпы орта білім беретін мектеп» номинациясымен марапатталды.

Кіші Ғылым Академиясының облыстық және респубикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына окушыларымыз жүйелі турде қатысып жүлделі орындарды иеленді. Республикалық «Дарын» ғылыми жобалар конкурсына «Талапкер» окушылардың ғылыми көгамы ұсынған 20 жұмыс ұсынылып, 9 окушы облыстық кезеңінен жүлделі орындар алды.

«Халықаралық педагогикалық шығармашылық пән ғылымның дамуын қолдау коры» Қоғамдық коры өткізген «IQ OLIMPIADA-2020» атты II Республикалық пәндік олимпиадасына 240 окушы қатысып, 200 окушы жүлделі орындарга ие болды. Новыи орта мектеп-лицейі ұжымы Алғыс хат және кубокпен марапатталды

Мектебіміздің педагогтары да түрлі деңгейде ұйымдастырылған кәсіби байқаулар мен олимпиадалардың жүлдегерлері атанып келеді.

DRUŠTVO „ZA AKADEMSKU AKTIVNOST“/ ASSOCIATION "SOCIETY FOR ACADEMIC ACTIVITY" (SERBIA) «Вирусная революция и современное образование: вызовы и новые возможности» халықаралық байқауына 10 педагог қатысып жүлделі орындарды иеленді.

Қашықтан оқыту мәселесі бойынша жаңа бастамаларды қолдап, жаңа форматтағы заманауи бейне сабактар дайындал, оларды республика көлемінде таратуға үлес қосқаны үшін 3 педагог «Өрлеу» БАУО Құрмет грамотасымен марапатталды.

«Ақтөбе-Дарын» өнірлік ғылыми-тәжірибелік қосынша білім беру орталығы өткізген «Педагогикалық идеялар фестивалі» конкурсының облыстық кезеңіне 6 педагог қатысып, жүлделі орындарды иеленді.

Республикалық «Жана мектепке – жаңашыл ұстаз» байқауына жас маман А.Жақатай қатысып, облыстық іріктеуден өтіп республикалық кезеңге жолдама алды.

Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы өткізген пәндік олимпиадаларға, кәсіби байқауларға қатысқан педагогтар жүлделі орындарды иеленді.

Атап өткенімдей мұғалімдеріміз бен окушыларымыз мектеп -лицейіміздің жетістіктерін жыл бойы толықтырып отырды.

Сонымен қатар 2 окушымыз "Алтын белгі", 1 окушымыз "Қызыл аттестатпен" аяқтады. Бұл да біз үшін үлкен мактанды.

### **Г.Умбетова -Қамқоршылық кенес мүшесі**

Мектеп-лицейінде камкоршылық кенес бірнеше жылдан бастап, нақты жұмысқа кірісіп, жұмыс жүргізіп келеді. Бұл уақытқа дейін сіздер мектеп әкімшілігінің ата- аналар комитетімен және біздермен бірлесе атқарылған нәтижелі жұмыстардың атқарылғандығының қуәсі болып келесіздер. Енді алдағы уақытқа да жүйелі жоспар құруымыз қажет. Осы жөнінде ұсыныстарыңызды ортага салсаңыздар.

### **Ж. Айткулов -Қамқоршылық кенес мүшесі**

Бәріміз біріге отырып , 2021-2022 жылға жұмыс жоспарын жасап алғанымыз дұрыс болар, әр квартал сайын атқарған жұмыстарымызға есеп беріп отырамыз. Қамқоршылық кенесінің 2021-2022 жылға арналған жұмыс жоспарына қамқорлықтағы және материалдық көмекке мүктаж балаларды анықтау, окушылардың сабакқа қатысуын және құқық бұзушылықтың алдын алу шараларына , «Мектепке жол», «Қайырымдылық» акцияларды үйимдастыру мақсатында жеке кәсіпкерлер мен ата – аналармен байланыс орнату «Мектепке жол», «Қайырымдылық» акцияларды үйимдастыру мақсатында жеке кәсіпкерлер мен ата –

аналармен байланыс орнату, белсенді ата – аналар мен сынып жетекшілеріне кенес өткізу, мерекелік іс – шараларын ұйымдастыруға, дарынды оқушыларға қолдау көрсету мәселелерін қарастыру кажет деп есептеймін.

### **Л. Алабаева - Қамқоршылық кеңесінің мүшесі**

Иә, мен де келісемін аталған мәселелердің барлығы жоспарда болу қажет деп есептеймін. Сонымен қатар келесі оку жылында оқушылар дәстүрлі форматта оқитын жағдайда болса, оқушылар асханаға келіп тамактанатын болады. Сол үшін ыстық тамақпен қамтылу, асхана жағдайын қадағалауды да жоспарға косу керек.

Қамқоршылық кеңестің жоспарын құру кезінде мектеп ұжымының жылдық жоспарына да сүйеніп жасау керек. Қайырымдылық көмек түрінде өткізілетін іс -шараларды, оқушылардың әлеуметтік жағдайын ескеріп, ата-аналармен тығыз байланыс жасауды; мектеп ұжымының тыныс тіршілігіне ерекше ерекше мән беруге байланысты жоспарлауды ұсынамын.

### **Ә. Төремұратов - Қамқоршылық кеңесінің мүшесі**

Расымен де мектептегі барлық жұмыстар өзіндік нәтижемен нақты жүргізіліп келе жатыр. Ол туралы күнделікті әлеуметтік желілер арқылы да естіл, көріп отырамыз. Сіздер айтқан ұсыныс- пікірлерді ескере отырып, келесі жылы да ауызбіршілікпен жұмыстарды атқаратынымызға сенімдімін.

Мұғалімдердің де кәсіби біліктіктеріне ешкандай сын айта алмаймыз. Сіздерге алдағы жылда да шығармашылық табыс тілеймін.

### **Шешім:**

1. 2020-2021 жылы атқарылған жұмыстар "қанағаттанарлық" деп танылсын.
2. 2021-2022 жылға құрылған Қамқоршылықтың кеңестің жұмыс жоспарына ұсыныстар енгізу қарастырылсын.

Камқоршылық кеңесінің төрагасы:  Т. Табылғанов

Хатшы:  С. Ахажанова